**Бекітемін**
**Мектеп директоры: ________Л.Х.Еспанова**
« 12 » __09__ 2022 жыл

Психологиялық қызметтің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

**Психологиялық қызметтің мақсаты – оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.**

**Жоспар №472 бұйрық негізінде жасалған**
*(«2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ» ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ. (2.2. Білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті ұйымдастырудың ерекшеліктер. 45 бет))*

**Міндеттері:**
*Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;
*Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;
*Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.

Педагог-психологтың негізгі қызметтері: психологиялық білім беру(алдын алу, ағартушылық қызмет), психологиялық консультация, психологиялық диагностика, психологиялық түзету-дамыту, психологиялық жетелеу және әлеуметтік-психологиялық бейімдеу.

Білім беруде мектеп климатын бағалау үшін индикаторларды әзірлеу (өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларға педагогикалық-психологиялық, әлеуметтік қолдау көрсету алгоритмін және жұмыс жоспарын дайындау), әдістемелік ұсынымдар даярлау.

| № р/с | Іс-шаралар | Жұмыс түрлері | Нысананалы топ | Орындау мерзімі | Ескертулер | Есептілік нысаны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ***I. Диагностикалау*** | | | | | | |
| 1 | Басса -Дарки. | Агрессия түрін анықтауға арналған сауалнама | 6-11кл | Қыркүйек 2 апта | | Хаттама № |
| | Керн Иерасик тесті | Оқушылардың мектеби жетілуін анықтауға арналған жобалау тесттері | 1 кл | Қыркүйек 2 апта | | Хаттама № |
| | Мектептік мотивация әдістемесі Н.Г.Лусканова | Оқушылардың оқу мотивациясын анықтауға арналға сауалнамалар | 5, 10 кл | Қазан | | Хаттама № |
| | «Ағаш» тесті Л.П.Пономаренко | Оқушылардың оқу мотивациясын анықтауға тест | 5 кл | Қазан | | Хаттама № |
| | Р. Гудман сауалнамасы. Күшті жақтары мен қиындықтары (КЖҚ) (Жаһандық қызмет ету) | Жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау | 5-7 кл | Қазан | | Хаттама № |
| | Дасс сауалнамасы | Қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау | 8-11кл | Қазан | | Хаттама № |
| | Зунге сауалнамасы | Қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау | 6-7 кл | Қазан | | Хаттама № |
| | Стот әдістемесі (ЕНТБ) моб.топқа бақылау | Әлеуметтік ортаға бейімделмеу көрсеткішін анықтау | 1 – 11 кл | Қараша | | Хаттама № |
| | З.Королева (проективті әдістеме) | Аутодеструктивті әркетке бейімділік | 3-5кл | қараша | | Хаттама № |
| | Социометрия (Дж.Морено) | Қарым-қатынасты анықтауға арналған әдістеме | 5-11 кл | қараша 2 апта | | Хаттама № |
| | Голланд әдістемесі | Кәсіби бағдар тесттері | 9-11 кл | Желтоқсан | | Хаттама № |
| | Басса –Дарки әдіәстемесі. | Агрессия түрін анықтауға арналған сауалнама | 6-11кл | Қаңтар, 3 апта | | Хаттама № |
| | ШТУР тесті | Метептік ақыл-ой деңгейін анықтау тесті | 10 кл | Қаңтар | | Хаттама № |
| | Р. Гудман сауалнамасы. Күшті жақтары мен қиындықтары (КЖҚ) (Жаһандық қызмет ету) | Жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау | 5-7 кл | Ақпан | | Хаттама № |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Панфилова «Кактус» әдістемесі | Эмоциялық сферасы, агрессияны анықтау | 4 кл | Ақпан | | Хаттама № |
| | Дасс сауалнамасы | Қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау | 8-11кл | Наурыз | | Хаттама № |
| | Личко тесті (МПДО) | | 8 – 11 кл | | | Хаттама № |
| | Білім алушылардың 1 класқа дайындығын анықтау | Танымдық қабілеттерін зерттеу | МАД | Сәуір | | Хаттама № |
| | З.Королева (проективті әдістеме) | Аутодеструктивті әркетке бейімділік | 3-5кл | Сәуір айы | | Хаттама № |
| | Э.Ф.Замбацавичене әдістемесі | Біліктілікті зерттеу. Танымдық процестерді зерттеу. | 4 кл | | | Хаттама № |

***II. Түзету-дамыту жұмысы***

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Бағдарлама атауы (Мобильді топтың шешімі бойынша жасалынған бағдарлама жоспары), мектепішілік бейімделу кезеңінің бағдарламасы (1 кл, 5кл, 10кл, психологиялық қолдау көрсету) | Мақсаты | 1-11 кл | Жыл бойы | | Хаттама № |
| | «Жарқын болашақ иесі- бүгінгі жас маман» тренинг | Жас мамандарға көмек көрсету, психологиялық ахуал қалыптастыру | | Қыркүйек | | |
| | «Із кесуші» психологиялық акция | Қатысушылардың өміріне жаңадан жаңалықтар, түрлі сезімдер мен мәдени ақпараттарты жинақтау арқылы өмір сүру кеңістігін кеңейту | 5 кл (2-апта) | Қазан | | |
| | Үлкен психологиялық ойын «Калейдоскоп» | Өзара қарым қатынас қабілеттерін дамыту | 6-7кл | Қазан | | |
| | Тимбилдинг | Ұжымдағы қарым-қатынасты дамыту | 5-11кл | Қараша | | |
| | ЕБҚЕ оқушылармен және олардың ата-аналарымен тренинг | Ата-аналардың,оқушылардың көңіл-күйін көтеріп,сыйластық қарым-қатынас орнату | | Желтоқсан | | |
| | «Емтихан» іскерлік ойын | | 9-11кл | Қаңтар | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Т.В.Артемьева<br>1. «Тыңда және орында»<br>2. «Бұзылған телефон»<br>3. «Ассоциация»<br>4. «Корекатуралық тапсырмалар» | Қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар | 1-4 кл | Наурыз | | |
| | Т.В.Артемьева<br>1. «Менің көңіл-күйім неге ұқсайды?»<br>2. «Айна» жаттығуы<br>3. «Кәсіпқой» жаттығуы<br>4. «Қағаздан жасалған қар» | Білім алушының эмоционалды жағдайын бақылауға арналған жаттығулар. | 1-4 кл | Сәуір | | |
| ***III. Профилактика және психологиялық ағарту*** | | | | | | |
| 1 | Семинар (сабақ) тақырыбы | Мақсаты :<br>Бейімделу кезеңінің маңыздылығы (ата-ана,педагог)<br>1. Буллинг/ Кибербуллинг (зорлық-зомбылық, достық қарым-қатынас)<br>2. Девиантты мінез-құлықтың алдын алу(құқықбұзушылықтың , ерте жүктіліктің алдын алу);<br>3. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу;<br>4. Жасерекшелік психологиясы (ата-ана, педагог);<br>5. EQ- әлеуметтік бейімделу негізі;<br>6. «Бақытты отбасы» бағдарламасы | 1кл/5кл/ 10кл<br>2-11 кл<br>1кл, 4кл, 7кл, 11кл<br>5- 10кл | Қараша<br>Қаңтар<br>Наурыз<br>Мамыр<br>(білім алушыларға тоқсандық және сұраныс бойынша) | | Хаттама |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ***IV. Консультация беру*** | | | | | | |
| 1 | Білім алушы<br>Педагог | Диагностика қорытындысы бойынша жартылай құрылымдық сұхбат; сұраныс бойынша | 1-11кл | Жыл бойы | | Хаттама № |
| | Ата-ана | Диагностика қорытындысы бойынша; Мобильді топтың шешімі бойынша. | 1-11 кл | Жыл бойы | | Хаттама № |
| | Педагог | Диагностика қорытындысы бойынша; Сұраныс бойынша | 1-11Кл | Жыл бойы | | Хаттама № |
| ***V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс*** | | | | | | |
| 1 | Әдістемелік күн | Тақырыбы:<br>Мақсаты: | | Жыл бойы | Нәтиже | Хаттама№ |
| | AR/ LSt жұмысы | Тақырыбы :<br>Мақсаты : | кл | Тоқсандық | Нәтиже | Хаттама № |
| ***VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер*** | | | | | | |
| 1 | Жарты жылдық есеп / Жылдық есеп | SWOT-талдау | Психологиялық қызмет | Тоқсандық | | Есеп |
| | Педагогикалық-психологиялық консилиум | («Қауіпті топ» бойынша **моб.топ** отырысы қорытындысы);<br>« 1 кл., 5 кл., 10кл., бейімделу қиындығы» бойынша қорытынды;<br>тоқсандық және жоспардан тыс «Қауіпті топ» бойынша моб.топ қорытындысы;<br>**Ерекше назар мен оқытуды талап ететін білім алушыларға психологиялық қолдау (тоқсандық) көрсету нәтижесі бойынша ППК** | | 1-тоқсан , 1-апта<br>1 тоқсан<br>Жоспарлы түрде<br>Жоспарлы түрде | | |

Педагог –психологтар: Б.А.Дабылова

К.Қалиоллақызы

**«Бекітемін»**

**Мектеп директоры** **Л.Х.Еспанова**

2023 жылғы 24-28 сәуір аралығындағы **«Бақытты бала-отбасы айнасы» психологиялық апталық** жоспары

**Мақсаты:** білім алушылардың психо-эмоционалды салауаттылығын жақсартуға және тұлғалық дамуына мүмкіндік беретін өмірлік құндылықтарды бағалауға үйрету

| № | Іс-шараның атауы | Мерзімі | Нысаналы топ | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Бақытты бала - отбасы айнасы» психологиялық акцияның мақсатымен өту жоспарын таныстыру<br><br>Тәрбие сағаты | 24.04.2023 | 1-11кл.<br><br>9,7 «А»кл. | Мектеп психологтары<br><br>Класс жетекшісі |
| 2 | «Бақыт мекені» коуч-семинар | 25.04.2023 | ЕБҚЕ оқушылар мен ата-аналар | Мектеп психологтары, әлеуметтік педагог, класс жетекші |
| 3 | Нейрогимнастикалық жаттығулар | 25.04.2023 10 мин. үзілісте | 1-4 кл. | Мектеп психологтары |
| 4 | «Өміріңді бағала!» тренинг «Сөмкесіз бір күн» | 26.04.2023 | Ұжыммен | Мектеп психологтары |
| 5 | «Бақытты бала - отбасы айнасы» подкаст<br><br>Тимбилдинг жаттығулары | 27.04.2023<br><br>10 мин. үзілісте | 10 кл.<br><br>5-7 кл. | Тәрбие ісінің орынбасарлары<br>Мектеп психологтары |
| 6 | «Қаптағы бұзылған картоп» Апталықтың жабылуы | 28.04.2023 | 11 кл. | Мектеп психологтары |

Педагог- психологтар: Б.А.Дабылова

Г.К. Туребекова

**Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің психологиялық қызметі бойынша жүргізілген жұмыстардың жарты жылдық талдау есебі 2022-2023 оқу жылы**

**Психологиялық қызметтің мақсаты – оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.**
Жоспар №472 бұйрық негізінде жасалған
*(«2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ» ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ. (2.2. Білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті ұйымдастырудың ерекшеліктер. 45 бет))*

**Міндеттері:**
*Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;
*Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;
*Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.
Педагог-психологтың негізгі қызметтері: психологиялық білім беру(алдын алу, ағартушылық қызмет), психологиялық консультация, психологиялық диагностика, психологиялық түзету-дамыту, психологиялық жетелеу және әлеуметтік-психологиялық бейімдеу.
Білім беруде мектеп климатын бағалау үшін индикаторларды әзірлеу (өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларға педагогикалық-психологиялық, әлеуметтік қолдау көрсету алгоритмін және жұмыс жоспарын дайындау), әдістемелік ұсынымдар даярлау.

Қыркүйек айының 2 аптасыннан бастап 6-11 класс оқушыларынан «Басса-Дарки» сауалнамасы алынды.
Мақсаты: бала агрессиясының түрін және оның көрініс беру ерекшелігін анықтау.
Барлығы: 257 оқушы қатысты.
Қастандық көрсеткіші қалыптан тыс оқушылармен әңгімелесуге кеңес берілді. Босаңсытуға бағытталған түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.
Қыркүйек –қазан айлары 1,5 класс оқушыларының мектепке бейімделуіне, оқу мотивациясын зерттеуге бағытталған диагностикалар мен түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.
1,5 класс оқушыларының мектепке бейімделу деңгейлері алынып нәтижесі шығарылып хаттамалары толтырылып отырылды. 1 класс оқушыларынан «Керн - Ирасек» тесті,5 класс оқушыларынан Н.Г.Лускановтың Мектептік мотивация әдістемесі алынды. Диагностикалық жұмысқа 1 кластан - 45 және 5кластан - 56 оқушы қатысты.
1 класс бойынша мектепке бейімделген 44 оқушы, мектепке бейімделуі төмен деңгейде 1 оқушы анықталды.
5 класс бойынша бойынша оқу мотивациясы жоғары- 44 оқушы, оқу мотивациясы жағымды-9, төмен деңгейде-3 оқушы анықталды.
Оқушылардың өміріне жаңадан жаңалықтар, түрлі сезімдер мен мәдени ақпаратты жинақтау арқылы өмір сүру кеңістігін кеңейту. Бұл акцияны орындау арқылы оқушыларымыз: ұжымдық ортада өзін-өзі ұйымдастыру әрекетін үйренеді; Қарым –қатынас дағдылары дамиды, мектеп командасымен жұмыс жасауды игереді. Көңіл-күйі көтеріледі; Қоршаған әлемге деген көзқарасы дамиды; Әрбір оқушыға жеке немесе топтық психологиялық қолдау көрсету мақсатында 5 класс оқушыларына «Із кесуші» психологиялық акциясы ұйымдастырылды.


Оқушылардың сұрақтарды талқылау барысы


Сұраққа жауап кезінде ұстаздармен


Мектеп қызметкерлерінен ақпарат






Белсенділер тобын марапаттау









Есте сақтау мен зейіннің шоғырлануын анықтау мақсатында 1 класс оқушылдарынан диагностикалар алынды. Диагностика қорытындысы шығарылды, нәтижесінде жоғарғы деңгей 20 оқушы, орташа деңгей 3 оқушы және төмен деңгейде 2 оқушы анықталды. Оқушыларға «Дауысынан таны», «Нейрогимнастикалық» жаттығулары жүргізілді.
11 қазан-Халықаралық қыздар күніне орай 8-11 класс қыздарына **«Әдемі күл, сыпайы жүр,сұлу ойла»** тақырыбында танымдық сабақ жүргізілді



19 қазанда «Мүгедектер» күніне орай 1-3-5 кластар аралығанда үйден оқитын оқушыларғасынып сағаттарында тренингтер жүргізілді





5 кластан «Ағаш» суреттік тесті (Л.П.Пономаренко) және білім алушылардың топтағы орнын анықтау, топтық қарым қатынасты зерттеу мақсатында Дж. Морено ұсынған «Социометрия» әдістемесі алынды. Зерттеу қорытындысы бойынша лидер-3 оқушы, лидерлік қабілет байқалады- 27, аз таңдау алған-20,оқшауланған-2 оқушы анықталды. Оқшауланған оқушыларға түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп ортаға тартылды. Жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау мақсатында 5-7 класс оқушыларына сауалнама жүргізілді. Барлығы 153 оқушы қатысты.

Интерпретациясы бойынша: жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарының 5 шкаласы бойынша бағалары есептеліп, проблемалардың жалпы саны шығарылды. Жасөспірімдерден шекаралық 6 оқушы және ауытқулар деңгейі бойынша 2 оқушы анықталды. Қалған барлық оқушылар қалыпты шкаласын көрсетті.Оқушылардағы депрессия, мазасыздық және стресс деңгейін анықтау мақсатында 8-11 класс аралығында DASS сауалнамасы алынды. Барлығы 158 оқушы қатысты. Нәтижесінде: Депрессия, мазасыздану, стресс шкаласы бойынша ауыр,аса ауыр оқушылар анықталған жоқ. Дегенмен мазасыздану шкаласы бойынша 5 оқушы, стресс шкаласы бойынша орташа 1 оқушы анықталды. Класс жетекшілерге оқушыларды бақылауда ұстауға ұсыныс берілді.

Жас мамандарға көмек көрсету және ұжымда психологиялық ахуал қалыптастыру, кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп көңіл-күйін көтеру мақсатында «Жарқын болашақ иесі – бүгінгі жас маман, алға бас қадам» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Жас мамандар белсенділік танытып, қызығушылықпен қатысты.














Депрессиялық жағдайларды және депрессияға жақын жағдайларды зерттеу мақсатында 6-7 класс оқушыларынан «Зунге сауалнамасы» алынды. Барлығы 97 оқушы қатысты. Оқушыларда депрессиясыз күй анықталды.

Қараша айында 6-11 класс білім алушылардың топтағы орнын анықтау, топтық қарым қатынасты зерттеу мақсатында Дж. Морено ұсынған «Социометрия» әдістемесі алынды. Зерттеу қорытындысы бойынша лидер- 17 оқушы, лидерлік қабілет байқалады- 145, аз таңдау алған-108, оқшауланған-20 оқушы анықталды. Оқшауланған оқушыларға түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп ортаға тартылды.

«Сенімділік күш береді» мектепішілік пәндік олимпиада қатысушыларына психологиялық қолдау көрсету мақсатында ***«Салем,салем досым, «Сілкіп таста», «Мен ақылдымын», «Капитан»*** тренинг-жаттығулары жүргізілді.











5-9 желтоқсан аралығындағы **«Бақытты бала-отбасы айнасы»** психологиялық акция жоспары құрылып,бекітілді.

**Мақсаты:** білім алушылардың психо-эмоционалды салауаттылығын жақсартуға және тұлғалық дамуына мүмкіндік беретін өмірлік құндылықтарды бағалауға үйрету

| № | Іс-шараның атауы | Мерзімі | Нысаналы топ | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Бақытты бала - отбасы айнасы» психологиялық акцияның мақсатымен өту жоспарын таныстыру<br>Тәрбие сағаты | 05.12.2022 | 1-11кл.<br><br>9,7 «А»кл. | Мектеп психологтары<br><br>Класс жетекшісі |
| 2 | «Бақыт мекені» коуч-семинар | 06.12.2022 | ЕБҚЕ оқушылар мен ата-аналар | Мектеп психологтары |
| 3 | Нейрогимнастикалық жаттығулар | 06.12.2022<br>10 мин.<br>үзілісте | 1-4 кл. | Мектеп психологтары |
| 4 | «Өміріңді бағала!» тренинг<br>«Сөмкесіз бір күн» | 07.12.2022 | Ұжыммен | Мектеп психологтары |
| 5 | «Бақытты бала - отбасы айнасы» подкаст<br><br>Тимбилдинг жаттығулары | 08.12.2022<br><br>10 мин.<br>үзілісте | 10 кл.<br><br>5-7 кл. | Тәрбие ісінің орынбасарлары<br>Мектеп психологтары |
| 6 | «Қаптағы бұзылған картоп» | 09.12.2022 | 11 кл. | Мектеп психологтары |

05.12.2022 күні **«Бақытты бала - отбасы айнасы»** психологиялық акцияның мақсатымен өту жоспары таныстырылды.









06.12.2022 күні **«Бақыт мекені»** тақырыбында ЕБҚЕ оқушыларына ата-аналарымен коуч-семинар өтті. Арнайы шақыртумен шақырылған қонақтарымызды көңілді әуен қосып, амандасу түрлерімен қарсы алдық. Оқушылар ата-аналарымен майшам арқылы сурет салды. Соңында «кофе – брейк» қатысушылармен кері байланыс орнатылады.





06.12.2022 10 минут үзілісте 1,4 кластарға **нейрогимнастикалық жаттығулар** жүргізілді.





07.12.2022 күні ұжыммен **«Сөмкесіз бір күн»** ұйымдастырылды. Әріптестер өз тапқырлықтарын көрсетіп белсенді араласты.





**«Өміріңді бағала»** тренингі өткізілді. Тренинг барысында «Балауызбен сурет салу» арт терапиясы және тембилдинг жаттығулары жүргізілді. Әріптестер өздерінің қалауымен түрлі суреттер салып,балауызбен акварель бояуларын қолданып қиялдарын шыңдады. Тембилдинг жаттығулары кезінде бір-бірін сезініп, топта бірлесе жұмыстанып, ауызбіршіліктерін танытты.

Кері байланыс ретінде **#бір/шаңырақ/астында** хештегімен инста парақшасына өз лебіздерін білдіріп, естелікке суретке түсті. Әріптестерге акцияда белсенділік танытқандары үшін тәтті тоқаштар берілді.






08.12.2022 күні 10 класс оқушыларына **«Бақытты бала - отбасы айнасы»** подкаст өткізілді. Оқушылар **«Отбасы құндылықтыры»,«Қоғам құндылықтыры», «Оқушы құндылықтыры»** болып топқа бөлінді. Әр топ берілген жағдаятты сұрақтарға жауап беріп, өз пікірлерімен бөлісті. Кітап бейнесіне алған әсерлерін, сезімдерін жазып, кері байланыс орнатылды.






08.12.2022 күні 10 минут үзілісте 5-7 кластарға тимбилдинг жаттығулары өтті.



09.12.2022 күні 11 класс оқушыларына **«Қаптағы бұзылған картоп»** аңыз әңгіме желісінде ойын жүргізілді. Аптаның бірінші күні әр оқушыға бір-бірден картоп таратылып берілді. Ренжіген кезде сөмкесіне бір картоптан қосып отыру керектігі айтылды. Жұма күні ойын

қортындылынды.Нәтижесінде оқушылар өкпе реніштi іштей жинап ешкімге айтпаса ауыр болатынын түсінді. Керісінше сол реніштi тез ұмытып, кешірімді болса жеңіл,өзін еркін сезінетіндерін айтып, ой бөлісті. Видео қарап, ортада өз ықылас ниеттерін білдіріп, кері байланыс жасап,естелікке фотоға түсті.



Желтоқсан айында 9,11 класс оқушыларынан тұлға типін анықтау мақтасында Дж.Голланд сауалнамасы алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша әр оқушыға типіне байланысты бағыт-бағдар берілді. Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны – 81

Қорытындысы:

9 оқушы – реалистік тип

12 оқушы – интеллектуалды тип

29 оқушы – әлеуметтік тип

7 оқушы – конвенционалды тип

8 оқушы – тапқыр тип

16 оқушы – әртістік тип анықталды.




Қаңтар айында 9-11 класс оқушыларының агрессия түрін анықтау мақсатында «Басса - Дарки»әдістемесі алынды. Барлығы: 116 оқушы қатысты.

**Қорытындысы,интерпретациясы:**

Барлық оқушыда қастандық және агрессия өлшемдері қалыпты жағдайды көрсетті.

Оқушылардың ақыл-ой дамуын анықтау мақсатында ШТУР тесті алынды. 10 класс оқушыларынан алынды. Қатысқан білім алушы саны: 31

Диагностикалық зерттеу жұмысы 6 субтесттен тұрады.

1 - тапсырма-20 сұрақ 2- тапсырма-20 сұрақ 3- тапсырма-25сұрақ

4- тапсырма-20 сұрақ 5-тапсырма-20 сұрақ

Оқушының берген әрбір дұрыс жауабы 1 балл болып есептелінеді. Барлығы: 115 балл






Наурыз айында 8-11 класс оқушыларынан DASS сауалнамасы алынды.
Мақсаты: Оқушылардағы депрессия, мазасыздық және стресс деңгейін анықтау.
Қатысқан білім алушы: 136

**Қорытындысы:** Депрессия, мазасыздану, стресс шкаласы бойынша ауыр,аса ауыр оқушылар анықталған жоқ. Дегенмен мазасыздану шкаласы бойынша орташа 3 оқушы анықталды. Анықталған оқушылар жартылай сұхбатқа шақырылып,жеке кеңестер берілді.
Класс жетекшілерге оқушыларды бақылауда ұстауға ұсыныс берілді. Түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

DASS сауалнамасының диаграммасы




Осы айда А.Е.Личко бойынша жасөспірімдердің мінез типін анықтау мақсатында

8-11 класс оқушыларынан жасөспірімдердің мінез акцентуациясы типін идентификациялау үшін жетілдірілген сауалнама алынды. Барлық қатысқан оқушылар саны:136

Қорытынды:

Сауалнама нәтижесі бойынша: Гипертимді тип, астенал, сензитивті тип, тұрақсыз тип, комформды тип оқушылар анықталды. Ал қалған циклойдты, психастеникалық , шизойдты, эпилептойдты, истероидты тип оқушылары анықталған жоқ.

**« Мен өзіме сенемін.» тақырыбында 4 сынып оқушыларының орта буынға оқуға дайындық деңгейі анықталып, түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.**
Өткізілген топ: 4 «А», 4 «Ә», 4 «Б».

Жүргізілген жұмыс: «Түстер» жаттығуы, «Зейінді бол!» жаттығуы, «Кім жоғын тауып ал» жаттығуы, «Керісіншелер елі» жаттығуы, Релаксацияға байланысты жаттығу. «Өзіңмен – өзің».











5- сынып туралы көзқарасын анықтау мақсатында диагностика алынды және 5-сынып дегеніміз не? тақырыбында ақпарат берілді. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, белсенді араласа білді.






Сәуір айында мектепалды даярлық топ оқушыларының танымдық қабілеттерін анықтау мақсатында зерттеу жүргізілді.

Психологиялық зерттеу жұмысына мектебіміздегі 3 мектепалды даярық тобы қатысты.

Мектепалды даярлық топ оқушыларына 6 тапсырмадан тұратын ойлауын, зейінін, кеңістікті, қоршаған ортасын бағалауын және қабылдауын анықтайтын тапсырмалар алынды.

**1-тапсырма.** Зейін қоюын анықтау мақсатында «Артығын тап» әдістемесі

**2 тапсырма.** Есте сақтау қатілетін анықтау мақсатында «Сандарлы жаз» әдістемесі

**3 тапсырма.** Ойлау қабылетін анықтау мақсатында «Көлеңкесін тап» әдістемесі

Зерттеу қорытындысы:
7 оқушы - орташадан жоғары деңгей
15 оқушы - орташа деңгей
9 оқушы - төмен деңгей




Аудандық олимпиадаға қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатында тренинг жүргізілді.










Ақпан айында жоспар бойынша 5-7 класс аралығында жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау мақсатында «Р.Гудман» сауалнамасы жүргізілді.
Қатысқан білім алушы саны: 96

**Қорытынды интерпретациясы:**
Жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарының 5 шкаласы бойынша бағалары есептеліп, проблемалардың жалпы саны шығарылды. Жасөспірімдерден шекаралық пен ауытқулар деңгейі анықталмады. Барлық оқушылар қалыпты шкаласын көрсетті.

«Қарым-қатынас жарастығы» тақырыбында мұғалімдерге арналған психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

**Мақсаты:** Мұғалімдер арасындағы қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл- күйден арылу, күш-қуат жинау, өзін еркін сезінуге көмектесу. Ұжым арасындағы байланысты нығайта отырып, эмоцианолды жігер беру, бірі-бірі кеңірек танып білуге, көңіл күйлерін көтеру.






**4-тапсырма.** Тапсырманы ұқыпты орындау, сызықтың бағытын қағаз парағына дұрыс орналастыру, өздігінше әрекет ете алу қабілеттілігін арттыуға арналған «Графикалық диктант» әдістемесі алынды.
**5-тапсырма. Түстерді ажырату.** 8 түс берілді.
**6-тапсырма.** Кеңістікті бағдарлауға арналған тапсырмалар.
-жыл мезгілдерін ажырату;
-салыстыру;
-мекен-жайын білуі.

МАД тәрбиеленушілерінің 1 сыныпқа дайындығын бақылау қорытындысы:
Жоғары деңгей -34 оқушы
Орташа деңгей -16 оқушы
Төмен деңгей – 1 оқушы анықталды.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды қолдау мақсатында психологиялық қызмет бойынша жоспарланған жұмыстар жүйелі жүргізіліп отырылды.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ПМПК құжаттары дайындалып, 24-25 мамыр аралығында 14 оқушыны тексеруден өткіздік. Ибраймов Қуаныш, Ибрайм Керім, Братов Жансерік, Сағынтаев Жанарыстың ПМПК қорытындылары 2024-2025 оқу жылына жарамды болғандықтан тексеруге жіберілмеді.

Нәтижесінде: 2 оқушы: Төлебаев Мирас пен Ерсайынов Асылбек 9-класты аяқтап басқа оқу орнына ауысатын болды.

4 оқушы: Құдайберген Диана, Бекболат Санжар, Аманов Бағлан,Әділжан Ибраһим жақсы нәтиже көрсетіп тізімнен шығарылды.

2 оқушы: Бақытқали Дулат, Бақытқалиева Жанзира Жайсанға жіберілді.

1 оқушы: Құрабай Нұрәли, алғаш рет тексеріліп ЕБҚЕ оқушылар санатына қосылды. ПМПК Нұрәлиді 1-класты қайтара оқитын етіп шешім қабылдады. Бірақ ата-анасының келіспеуіне байланысты Құрабай Нұрәли 2-класс оқитын болды.

Педагог-психологтар: Б.А.Дабылова
Т.Г.Туребекова